

4. Гладкая И.В., Глубокова Е.Н., Писарева С.А., Пискунова Е.В., Тряпицына А.П., Основы современной системы общего образования / Учебно-методическое пособие / Санкт-Петербург, 2014.
5. Альшеева Т.В., Васенков Г.В., Воронкова В.В. Олигофренопедагогика. / Учебное пособие для вузов. – М. : Дрофа, 2009.
6. Бгажнокова И.М. Школа для детей с нарушениями интеллекта. Тенденции, перспектива развития // Дефектология. 2004. № 3.
7. Меремьянина А.И. Из опыта сотрудничества педагогов специальной (коррекционной) школы VIII вида с родителями учащихся. // Дефектология. 2005. № 1.
8. Худенко Е.Д., Гавриличева Г.Ф., Селиванова Е. Ю., Титова В.В. Организация и планирование воспитательной работы в специальной (коррекционной) школе-интернате, детском доме. – М.: АРКТИ, 2010.
9. Ульенкова У.З. Шестилетние дети с ЗПР. – М., 2018

УДК 376.3
МРНТИ 14.29.29

А.К. Сатова¹, А.О. Шагыр²

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
психология ғылымдарының докторы, профессор, satova57@mail.ru
²7M01906 – «Дефектология: Инклюзивті білім беру бойынша мамандар даярлау» мамандығының
I курс магистранты, moon777.as@mail.ru, Педагогика және психология институты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан, Алматы қ.

ЖСТД БАЛАЛАРДА ФРАЗАЛЫҚ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Мақалада фразалық сөйлеу тілінің бала дамуындағы орны қарастырылған. Жалпы сөйлеу тіл дамымауы ұғымына түсініктеме беріліп, оның деңгейлеріне қысқаша шолу жасалған. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың фразалық сөйлеу тілінің қалыптасу ерекшеліктері көрсетілген.

Ксөздер: сөйлеу тілі, фразалық сөйлеу тілі, жалпы сөйлеу тіл дамымауы, сөйлеу тіл функциялары, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы.

Сатова А. К.¹, Шагыр А. О.²
¹кандидат педагогических наук, доцент,
доктор психологических наук, профессор, satova57@mail.ru
²Магистрант I курса 7M01906 – «Дефектология: Подготовка специалистов по инклюзивному образованию», moon777.as@mail.ru²
Институт педагогики и психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ФРАЗОВОЙ РЕЧИ У ДЕТЕЙ С ОНР

Аннотация:

В статье рассматривается место фразовой речи в развитии ребенка. Дается объяснение понятию общего речевого недоразвития и дается краткий обзор его уровней. Показаны особенности формирования фразовой речи детей с общим недоразвитием речи.

Ключевые слова: речь, фразовая речь, общее речевое недоразвитие, речевые функции, грамматический строй речи.

Satova A. K. ¹, Shagyr A. O. ²

Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor,

Doctor of Psychological Sciences, Professor, satova57@mail.ru ¹

²7M01906 – «Defectology: Training of specialists of inclusive education»

1 course undergraduates, moon777.as@mail.ru, Pedagogy zhane psychology institutes

Abay atyndagy Kazak ulttyk pedagogikalyk universite,t

Kazakhstan, Almaty s.

FEATURES OF PHRASAL SPEECH FORMATION IN CHILDREN WITH GSU

Abstract

The article considers the place of phrasal speech in the development of a child. An explanation of the concept of general speech underdevelopment is given and a brief overview of its levels is given. The features of the formation of phrasal speech of children with general speech underdevelopment are shown.

Keywords: speech, phrasal speech, general speech underdevelopment, speech functions, grammatical structure of speech.

Сөйлеу тілі – ойды тіл құралдары арқылы қалыптастыру мен тұжырымдаудың адамзатқа тән тарихи және әлеуметтік қалыптасқан ерекше қатынас тәсілі.

Ойлаудың тікелей бейнесі бола тұра, сөйлеу тіл өзіне адамның барлық танымдық байлығын жекелей және көпшілік тұрғыда сыйдырып, материалдық қалыпта оның жеке және көпшілік санасын бекітеді. Бұл тұрғыда тілді әлемді қабылдау, халық мәдениеті жүктелген жүйе ретінде түсінуге болады.

Байланыстырып сөйлеу тілін адамның өз ойын анық, әрі түсінікті білдіруге мүмкіндік беретін жайылмалы сөйлемдер арқылы пікірін білдіру деп түсінеміз. Байланыстырып сөйлеу тілін жетік меңгермеген жағдайда, білім алу үрдісі қиындатылады. Сондықтан осы құбылысқа ертерек көңіл бөлген дұрыс. Осы байланыстырып сөйлеудің кезеңдерінің бірі - ол фразалық сөйлеудің дамуы.

Бұл өте өзекті мәселе, себебі баланың жан-жақты дамуы мен ары қарай сәтті білім алуы үшін, құрдастары мен ересек адамдармен қарым-қатынасқа түсуі дағдысы маңызды.

Біраз уақыт бойы мамандар (А.А. Леонтьевамен [7], Р.Е. Левина [1], А.М. Шахнарович, Е.Д. Божовичпен) көтеріп отырған мәселелердің бірі ол – тілді толыққанды меңгеріп пайдалануға мүмкіндік беретін ішкі механизмдері. Сөйлеу тіл әрекетінің дамуы онтолингвистикалық және лингвистикалық еңбектерде сөйлеу қабілетінің дамуы ретінде түсіндіріледі, дәлірек айтатын болсақ қалыпта даму барысында баланың әлеммен вербалды емес әрекетінен, түрлі күрделі құрылымдағы фразаларды белсенді, әрі өз бетінше пайдалану арқылы даму жолының заңдылықтарына сай отырып өтуі. Бұл мәселе сөйлеу тілі қалыпты дамып жатқан балалардың да, сөйлеу тіл дамуында дионтогенез бар балалардың фразалық сөйлеу тілін бағалауда маңызды.

Жоғарыда айтылғандай сөйлеу тіл дамуының жақсы жүріп жатқандығының көрсеткіші тіл функцияларын (коммуникация, танымдық, реттеуші) орындау үшін фразаны қолдану болып табылады. Фразаны меңгерген бала өз ойын ашық білдіре алатын, әңгіменің толыққанды қатысушысы ретінде өзін көрсете алады. Неғұрлым фраза шындықты нақты көрсетсе, диалог соғұрлым өнімді болады.

Лингвистикада «фраза» ұғымын ақтайтын негізгі екі жол бар. Бірінші жол бойынша «фраза» - ол қарым қатынас бірлігі ретінде көрінетін, сөйлеу тілінің ең кіші бірлігі. Осындай түсінік бойынша «фраза» термині «сөйлем» терминімен сәйкес келеді.

Бірақ та бұл екі терминнің айырмашылығы бар: фраза ең үлкен фонетикалық бірлік, ал сөйлем грамматикалық бірлік болып табылады. Екпіндік сөйлем бір немесе бірнеше фразадан құралады, ал фразадағы басты сөз, оның шыңы болады. Фразалық сөйлеу тілінің жүзеге асу механизмін біз байқамаймыз десек те болады, сондықтан оны сипаттауда қиындықтар болады. Фразалық сөйлеу тілі сөйлеу механизмдерін қарастыру барысында, Т.В. Ахутина [6], А.А. Леонтьева [7], А.Р. Лурия [8] және т.б. ғалымдар жұмысында қарастырылады. Онтогенезде фразалық сөйлеу тілінің дамуы баланың жеке сөздерді игеріп, пайдалануынан басталып, өзіндік фразалар мен күрделі сөз тіркестерін пайдаланумен жалғасады.

Екінші жол шегінде (А.С. Герасимова) фраза жоғарыда көрсетілгендей пікір білдіру мағынасына қарай аяқталған, айрықша екпінмен біріктірілген және басқа да осындай бірліктерден кідіріспен бөлінген, ең үлкен фонетикалық бірлік ретінде қарастырылады. [2]

Фразалық сөйлеу тілі – бұл коммуникациялық әрекеттің арнайы, қиын түрі. Оған сөйлеу ұзақтығын, сөйлеудің әртүрлі бөліктерін қолданудағы түрлілік, сөйлемдегі сөздердің реттілігі мен өзара байланысы, логикалық және семантикалық ұйым кіреді. Фразалық сөйлеу тілінің дамуында айрықша орында грамматикалық құралдар алады. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы : сөздерді құрастыру заңдары мен ережелері; сөздердің өзгеру заңдары мен ережелері; сөздерді байланыстырудың заңдары мен ережелерінен; сөйлемдерді құрудың заңдары мен ережелері; күрделі грамматикалық құрылымдарда сөйлемдерді үйлестіру заңдары мен ережелерінен құралған.

А.Н. Гвоздев пікірінше фразаны меңгерудегі бірінші кезең жайылма сөйлемдердің орнына қолданылатын аморфты түбір сөздер пайдаланумен сипатталады. Осы кезеңде бала фразаны жалпы түсінік бойынша қолдана алмайды, бірақ та ойын сөйлеу тіліне тасымалдау функциясын осы түбір сөздер орындайды. Осы жағдай ерте жастан бастап фразалық сөйлеу тілін зерттеу керек екеніне дәлел.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы дегеніміз – ол зияты мен есту қаблеті сақтанды балалардың сөйлеу тілінің барлық құраушы бөліктерінің (фонетика, лексика, грамматика) бұзылуы.

ЖСТД ұғымын 20 ғасырдың 50-60 жылдары КСРО-дағы мектепке дейінгі логопедияның негізін қалаушы Р.Е. Левина [1] мен ҒЗИ ғылыми қызметкерлер коллективі (Г.А. Каше, Н.А. Никашина, Г. И.Жаренкова, Л.Ф. Спирова және т.б.) енгізген болатын. Бұл ұғым әлі күнге дейін қолданыста. ЖСТД балаларда сөйлеу тілінің жүйелі бұзылысына нұсқайтын типтік көріністер болады, олар:

- Сөйлеу тілінің кеш шығуы (алғашқы сөздері 3-4 жас шамасында пайда болады);
- Сөйлеу тілі грамматикалық және фонематикалық тұрғыдан дұрыс безендірілмейді;
- Өзіне бағытталған сөйлеу әрекетін түсінеді, бірақ та өз ойын дұрыс білдіре алмайды;
- ЖСТД балалар сөйлеу тілі түсініксіз болады.

ЖСТД балалардың сөйлеу тілінің құраушы элементтерінің жағдайын бейнелейтін, сөйлеу тіл дамуының 3 деңгейін Р.Е. Левина [1] және ҒЗИ ғылыми қызметкерлері көрсеткен, олар:

- Сөйлеу тілі дамуының 1 деңгейі сөйлеу тілінің жоқтығымен сипатталады. Бұл балалар былдыр сөздерді, дыбысқа еліктеулерді, мимика және ым-ишараны пікірін білдіруде жиі, кей жағдайда қатынастың басты құралы ретінде пайдаланады.

- Сөйлеу тілі дамуының 2 деңгейі. Ым-ишара мен былдыр сөздерден бөлек балаларда бұрмаланған, бірақ та жалпы қолданыстағы сөздер пайда болады. Мысал ретінде «алма» сөзі бұрмаланған бала тілінде «ама» деген түрде қолданыста болады. Дыбысты айту қабілеттері жалпы жас нормасына үлесе алмай, артта болады. Сөздің буындық құрылымы бұзылған болады.

- Сөйлеу тілі дамуының 3 деңгейі сөйлеу тілінде жайылмалы фразаның болуымен және лексикалық-грамматикалық және фонетикалық-фонематикалық жетіспеушілік элементтерімен сипатталады. Еркін қатынас қиындатылған болады. Осын деңгейдегі балалар жаңа адамдармен қарым-қатынасқа тек жақын адамдарының көмегімен ана түседі. Олар бала тілінің түсініксіз тұстарын ашып беруде жәрдемші болады.

Бала өмірінің екінші жылының соңына дейін көптеген зерттеушілер мәліметі бойынша қарапайым фраза қалыптаса бастайды. Бұндай фраза талап түрінде көрініс тауып, екі-үш сөзден құралады. Қарым-қатынас барысында фразаны пайдалануға көшу Р.Е. Левина [1] сипаттауы бойынша сөйлеу тілі дамуының екінші деңгейіне сәйкес келеді. Осы деңгейде сөйлеу тілін меңгерген балалар сұрақтарға жауап бере алады, ересек адамдармен сурет бойынша немесе өздеріне таныс жағдайлар жайлы әңгіме айтуға, яғни толыққанды диалог жүргізуге қабілетті.

Бірақ та айта кеткен жөн, фраза жалпы алғанда сөйлеу тілі де жағдайлы сипатта болады, баланың әңгімесі қарапайым құрастырылады, көбіне көрген заттар мен құбылыстарды тізіп айтып берумен шектеледі. сонымен қатар сөйлемдерді синтаксистік және грамматикалық безендіру тұсынан жетіспеушіліктер байқалады. Үш жастағы бала сөйлеу тілінде фразалардың болмауы сөйлеу тіл даму темпінің бұзылысының көрінісі, осындай жағдайға бала даму барысында назар аударып отырған жөн.

Сөйлеу тілінің екінші деңгейіндегі балалардың бұзылыс құрылымынан тәуелсіз, барлығында фразалық сөйлеудің дамуы шамамен бірдей көріністе болады. Көбіне фраза балаға күнделікті жағдайлардан алынған, етістіктер мен зат есімдерден құрастырылады. Көп жағдайда бұл фразалар мимика және ым-ишарамен (затқа нұсқау, оған деген қалай қарайтынын мимикасымен көрсету) бірге жүреді.

Осы ерекшелік сөйлеу тілінің екінші деңгейіндегі мектеп жасына дейінгі балалармен коррекциялық жұмысты ұйымдастыруда маңызды. Бұл жұмыс көп жағдайда баланың танымдық тәжірибесін байыту мен осы тәжірибесін сөз арқылы жеткізуге бағытталады. Сонымен де баланың сөйлеу тілі ересектермен жеке қарым-қатынас барысында жайлы жағдайда дамиды.

Екінші кезең шартты түрде екі жас пен үш жас арасында болады, осы кезең аумағында бала қарқынды түрде түрлі грамматикалық категориялар мен оларды пікірін білдіру барысында безендіру арқылы сөйлемнің грамматикалық және синтаксистік құрау ережелерін меңгереді, бірақ та осы кезеңнің нақты шекарасы ретінде балада қарапайым фразаның пайда болуы мен белсенді сөйлеу тілінде жайылмалы фразаларды пайдаланып бастауын қабылдаса болады.

Үш жасар бала сөйлеу тілінде түрлі сөздерді сөйлемге дұрыс біріктіру дағдысы қалыптасып бастайды. Екі сөзден құралған қарапайым фразадан бала қосымшаларды, зат есімнің септік түрлерін, жекеше және көпше сөздерді пайдаланып бастап, кейінірек белсенді және енжар сөздігіндегі сын есім мөлшерін көбейтіп, күрделі фразалар құрастыруға көшеді. Ойын әрекетін жүзеге асыру барысында балалар диалогтік сөйлеу тілін белсенді қолданады.

Бала сөйлеу тіл белсендігін танытқанда белгілі бір патогенезі бар түрлі балалардың сөйлеу тіліне тән ерекшеліктерді байқауға болады. Психикалық дамуы тежелген балалар үшін сөйлеу тілінің бұзылысы олардың жүйке жүйесінің икемділігімен және жалпы даму қарқынының баяулығымен байланысты, ол өз кезегінде фразалық сөйлеу деңгейінде ұқсас грамматикалық құрылымдарды ажырату қиындықтарынан, бір фразаны қайталай беруден немесе оны аяқтамауда көрінеді. Бұл қиындықтарды бала ересектер тарапынан белгілі бір, мақсатты бағытталған стимул әсерінен түзете алады.

Сонымен қатар балалардың сөйлеу тілі көп жағдайларда коммуникативтік функцияны атқарады, соның салдарынан балалар фразасы предикативтігін жоғалтады. Фразалық сөйлеу тілінің бұзылуының айрықша механизмдерін ескере отырып, балалардың сөйлеу тілін дамытуда коррекциялық жұмыстың ерекше, жеке тәсілдері мен дұрыс жайылма фразаның мақсатты қалыптастыруы жайлы айта аламыз. Осы жерде Р.Е. Левинаның сөйлеу тілінің классификациясындағы соңғы үшінші деңгейге тоқталу керек. Бұл деңгей мектеп жасына дейінгі балалардың грамматикалық құрылымын қалыптасуының екінші кезеңінде де, немесе келесі кезеңде де көрінуі мүмкін. Сөйлеу тілі дамуының үшінші деңгейінде балалар белсенді сөйлеу тілінің түрлі жағытарының күрделі ақауларысыз жайылма фразаларды пайдаланады. Бірақ та сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық безендіруі нақты емес. Бұл жеке, тұрақты аграмматизмдерде, сөздерді анық емес немесе жөнсіз қолдануында, сөйлемдегі уақыт қатынастарын, кеңістікті, себеп салдық және басқа да қатыныстырды білдіретін сөздердің дұрыс байланыспауынан көрінуі мүмкін.

Фразалық сөйлеу тілі мен оның мектеп жасына дейінгі қалыптасуын қарастыра отыра, оның қалыптасу қиындықтары сөйлеу тіл даму бұзылыстары жоқ балаларда байқалатынын атап кеткен жөн. Бұл жайын бала қараусыз қалғандықтан, педагогикалық қауқарсыздықтан болуы мүмкін және де мамандардың назарын талап етеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың фразалық сөйлеу тілінің қалыптасу мәселелері В.П. Глухов [4], Н.С. Жукова [5], Т.В. Туманова, Т.Б. Филочева [9], О.А. Безрукова [10], және тағыда басқа авторлармен қарастырылған. Осы мәселе бойынша қарастырған ақпарат көздері бойынша ЖСТД балалардың фразалық сөйлеу тілі аграмматизмдерге толы, кедей, мағыналық құрамы мен лексикалық-грамматикалық безендіру бұзылыстары бар. Жас қосылған сайын ЖСТД балалардың фразалық сөйлеу тілі қалыптасу қиындықтары арнайы ұйымдастырылған көмексіз жойылмады. Осылайша осы категориядағы балалардың коммуникативті дамуы мен білім алуға дайындау мақсатында логопедиялық жұмыстың маңызы артады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Левина Р. Е. Основы теории и практики логопедии - издательство Альянс, 2013 г. – С. 367.
2. Герасимова А.С. Уникальное руководство по развитию речи / Под ред. Б.Ф. Сергеева. – М. : Айрис – пресс, 2003. – С.160.
3. Гвоздев А. Н. Вопросы изучения детской речи. – СПб.: Детство-Пресс, 2007. – С.472.
4. Глухов, В. П. Формирование связной речи детей дошкольного возраста с общим недоразвитием речи / В. П. Глухов. – М.: АРКТИ, 2004. – С.168.
5. Жукова Н.С. Логопедия. Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников / Н.С. Жукова, Е.М. Мастюкова, Т. Б. Филочева. Екатеринбург: Изд-во ЛИТУР, 2000. – С.320.

6. Ахутина Т.В. Психолого-медико-педагогическое обследование ребенка: комплект рабочих материалов / Т.В. Ахутина. – М.: АРКТИ, 1999. – С.134.
7. Леонтьев, А. А. Психолингвистические единицы и порождение речевого высказывания / – М.: КомКнига, 2005. – С.312.
8. Лурия, А. Р. Язык и сознание / Под редакцией Власова Е.: Питер, 2019 г. – С. 336.
9. Филичева, Т. Б. Дети с общим недоразвитием речи. Воспитание и обучение / Т.Б. Филичева, Т.В. Туманова. – М.: Гном и Д, 2000. – С. 128.
10. Безрукова О.А. Методика определения уровня речевого развития детей дошкольного возраста / О.А. Безрукова. – М.: Каисса, 2008. – С. 95.

УДК 376.42

А.М. Кемешова¹, А.Ж. Бекежан², Ш.Ә. Әбдиева³, Т.А. Саниязова⁴

*¹ғылыми жетекші, п.ж/е пс. м., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
«Арнайы педагогика» бойынша кәсіби даярлау бөлімі*

^{2,3,4} 5B010500 – Дефектология «Олигофренопедагогика» мамандандығы бойынша 4 курс студенттері

ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ

Аңдатпа

Мақалада ойын іс-әрекетінің психикалық дамуы тежелген балалардағы коммуникативті қарым-қатынас дағдыларын дамытуға әсері қарастырылған. Әдебиеттерге қысқаша теориялық шолу жасалып, зерттеу мәселесі бойынша негізгі терминдердің анықтамалары берілген.

Түйін сөздер: психикалық дамуының тежелуі, ойын әрекеті, қарым-қатынас.

Кемешова А.М.¹, Бекежан А.Ж.², Абдиева Ш.Ә.³, Саниязова Т.А.⁴

¹научный руководитель, м.п. и пс.н. отдел профессиональной подготовки по «Специальной педагогике», Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

^{2,3,4} студенты 4 курса по специальности 5B010500 – Дефектология «Олигофренопедагогика»

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ ОБЩЕНИЯ ДЕТЕЙ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ЧЕРЕЗ ИГРОВУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Аннотация

В статье рассмотрено влияние игровой деятельности на развитие навыков коммуникативного общения у детей с задержкой психического развития. Представлены краткий теоретический обзор литературы и даны определения основным терминам по проблеме исследования.

Ключевые слова: задержка психического развития, игровая деятельность, общение.

Kemeshova A.M.¹, Bekezhana.Zh.², Abdieva Sh. A.³, Saniyazova T.A.⁴

¹Abai Kazakh National Pedagogical University,

Senior Lecturer of the Department of Special Education.

^{2,3,4} students of the 4th year in the specialty 5B010500-Defectology "Oligophrenopedagogics"

FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF COMMUNICATION SKILLS OF CHILDREN WITH MENTAL RETARDATION THROUGH PLAY ACTIVITIES

Abstract

The article considers the influence of play activity on the development of communicative communication skills in children with mental retardation. A brief theoretical review of the literature is presented and definitions of the main terms on the research problem are given.

Keywords: mental retardation, gaming activity, communication.